

Тасқала ауданының Тасқала ауылында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифін белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 146 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 шілдеде № 4865 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 03.04.2023 № 49 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Тасқала ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"1. Тасқала ауданының Тасқала ауылында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифі келесі мөлшерлерде белгіленсін:

Тасқала ауданының Тасқала ауылында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифі 50 (елу) теңге мөлшерінде;

7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға 25 (жиырма бес) теңге мөлшерінде;

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналардың, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың тегін жол жүруге, ал 15 жастан 18 жасқа дейінгі адамдарға 25 (жиырма бес) теңге мөлшерінде."

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 08.09.2025 № 189 қаулысымен. (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Тасқала ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі қажетті шараларды алсын.

3. "Тасқала ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Сафималиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Әлиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Тасқала аудандық
мәслихатының сессия төрайымы
Аудандық мәслихат хатшысы
"29" маусым 2017 жыл

Г.Кенжешева
С.Рахимов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК